

Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 17/4-04 "Аудан көлемінде елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын жер салық ставкалары туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 37/8-04 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 желтоқсанда N 14-14-139 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 5 қарашадағы № 9/9-05 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 05.11.2012 N 9/9-05 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес аудандық м ә с л и х а т

Ш Е Ш Т І :

1. "Аудан көлемінде елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын жер салық ставкалары туралы" Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 17/4-04 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-14-71 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 30 сәуірдегі "Шамшырақ" газетінің № 35-36 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің 1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

"1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына және казиноға бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 383-бабында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 пайызға жоғарылатылсын".

2. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы А.Меңлібеков

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С.Қалдықөзов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК